

## Әдебиеттер тізімі

1. **Алтынсарин И. Шығармалар жинағы.** [Мәтін]: 3 Т. / Ы. Алтынсарин. – Алматы, ҚазКСР "Ғылым", 1975 ж. – 1 Том. – 360 б.
2. **Алтынсарин И. Шығармалар жинағы: үш томдық. Т. 2.** / Ы.Алтынсарин. – Алматы: Ғылым, 1976. – 423 б.
3. **Алтынсарин И. Шығармалар жинағы: үш томдық. Т. 3** / Ы. Алтынсарин. – Алматы: Қазақ КСР "Ғылым" баспасы, 1978. – 352 б.
4. **Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар** / Ы. Алтынсарин.; құраст. Б. С. Сүлейменов. – Алматы: Қазақ КСР, 1957. – 465 с. – URL:<https://pubhtml5.com/poge/woxz/basic/51-100>.
5. **Алтынсарин И. Таңдамалы хаттар** / Ы. Алтынсарин. – URL:<https://kzref.org/moskovskijpatriarhat.html?page=18>.
6. **Назарбаев Н. Ә.** Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 292 [4] б.
7. **Ыбырай Алтынсарин мұрасындағы педагогикалық құндылықтар мәселесіне** Слесарь М.В. / М. В. Слесарь // "Өрлеу" хабаршысы – kst. – 2015. – №4. – Б.7-10.

ӘОЖ 37.01

### ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ «ҰЛЫ ДАЛАДАҒЫ» АҒАРТУШЫЛЫҚ МҰРАСЫ

*Жумадилова С. М. – педагогика және психология пәнінің оқытушысы, I.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Zhansugurov college, Талдықорған.*

*Уклинова К. Е. – экономикалық пәндер оқытушысы, I.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Zhansugurov college, Талдықорған.*

Мақалада Ыбырай Алтынсариннің қазақ тарихында ағартушы, педагог, қоғам қайраткері ретіндегі бейнесі қазақ жастарын тәрбиелеуге баса назар аударғандығы және бала тәрбиесіндегі оның орны айтылады. Ыбырайдың шын мәнінде өз ісінің нағыз кәсіби шебері болғаны, сонымен қатар өнер мен әдебиетте және ғылым саласында үлкен жетістіктерге жетіп, өркениеттің дамуына өзінің үлесін қосқандығы баяндалады. Ұлт Ұстазы Ыбырай Алтынсариннің Ұлы даладағы ағартушылық мұрасы бүгінгі өскелең ұрпақ үшін таусылмайтын қазына болып табылатындығы дәріптелген.

*Кілт сөздер: ағартушылық мұра, ұлы ағартушы, бала тәрбиесі, ұстаз шығармашылығы.*

«Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы

Өлмейтұғын артында сөз қалдырған?..»

Абай Құнанбаев

Қазақ тарихына ағартушы- педагог, жазушы, этнограф, қоғам қайраткері ретінде енген Ыбырай (Ибрахим) Алтынсариннің бүгінгі қоғамда алатын орны таудай. Бүкіл өмірін ұлт болып ұйысып, білім алып, ата-бабамыздан жалғасып келе жатқан әдет-ғұрып, салт-дәстүрімізді жаңадан келіп жатқан заманмен ұштастырған бір туар азамат екені мәлім.

Ыбырай үш жасында әкесінен айырылып атасы, қара сөзде ешкімге дес бермеген шешен әрі би Балқожаның тәрбиесінде өседі. Балқожа би немересін есі кірген кезден бастап жанынан тастамаған. Тумасынан зерек Ыбырай барған жиын тойларда атасын одан басқа да билердің көпшілік алдында айтқан биліктерін, шешендік сөздерін құлағына құйып өседі. Бала Ыбырайдың азамат болып, өзіндік ойы мен ұстанымының қалыптасуына үлкен ықпал еткен атасы Балқожа би екендігі даусыз. «Атадан ұл туса игі, ата жолын қуса игі» деген қанатты сөзді берік ұстанған атасы немересінің құйма құлақ, зерек екенін байқап, білімін жетілдіру үшін іске кіріседі. Осы ниетпен 1850 жылы бар беделін салып жүріп Орынбор Шекара комиссиясы жанынан ашылған мектепке жазғызады. Аталмыш мектепті 1857 жылы үздік тәмәмдап атасының қасында тілмаштық қызметтен бастап Торғай уезінің судьясы қызыметіне дейін бірнеше қызметтерді атқарады. 1859 жылы Алтынсарин атасы Балқожа бидің араласып, сыйласып жүрген Орынбордағы Шекара комиссиясының басшысы В. В. Григорьевпен достасады. Сол достық пен жақсы сыйластықтың арқасында Григорьевтің бай кітапханасын молынан пайдаланды. Кітапханадан сол кездегі танымал орыс жазушылары мен әлемдік ағартушы-педагогтерінің еңбектерінен өзіне қыруар білім жинап, онысы ұстаздық қызметінде үлкен пайдасын тигізді. Қандай қызметте болмасын Ыбырайдың іштей арманы мұғалімдік қызмет еді. Өкінішке орай өзінің сүйікті ісімен шұғылдануға сол кездегі әкімшілік құрылым мүмкіндік бермеді. Тек 1864 жылы 8 қаңтарда Торғай өңірінде алғашқы мектебін ашады. 1968 жылы Ыбырай ашқан қазақ мектебі бір кластық орыс-қазақ училищесі болып қайта жаңарды. Осы жылы Ырғыз қаласында екі кластық орыс-қазақ училищесі қоса ашылады. 1875-1876 жылдары Орынбор, Қазан, Петербург шахарларына сапар

шегіп, сол қалалардан өзі ашқан мектеп оқушыларына керекті әдістемелік, тағы басқа кітаптар әкеліп, ағартушылықпен біржола айналыса бастайды. Осы саладағы еңбеінде орыстың педагог-жазушылары К. Д. Ушинскийдің, Л.Н. Толстойдың тәжірибелерін молынан пайдаланып, оқушылардың қажетіне жарапты. 1879 жылы Торғай облысындағы мектептердің инспекторы болып тағайындалуы балаларға білім беру ісіне кеңінен жол ашты десек болады. Осылай десекте Ыбырай Алтынсариннің ұстанымына байланысты жергілікті өкімет көмектесіп қол ұшын берудің орнына көбірек кедергі жасағаны көрінеді. Орыс империясының жымысқы саясаты Ыбырайды пайдаланып, жас бүлдіршіндерді орысша оқытып, қазақ халқын шоқындыру болатын. Олардың жымысқы ойларын жазбай таныған ұстаз оқу-ағарту саласын өзіндік оймен жүргізді. Ильминский сияқты миссионерлер қанша айналдырғанымен, ұлттың болашағын ойлаған Ыбырай өз таным-талғамынан танбады. Бұл жайында Ильминский сияқтылар жоғарғы жаққа құпия түрде ақпарат беріп отырды[1, 116].

Оқу құралдары, қазақ әліпбиінің болмауына байланысты, оқушылар орыс графикасы негізінде жасалған жаңа қазақ алфавитін пайдаланды. Бұлай деуге себеп хрестоматияның алғы сөзінде Ыбырай былай деп жазады.

«Жалпы біліммен пайдалы мағлұмат беретін кітап Азия халықтарының бірде-бірінің тілінде жоқ, сондықтан орыс тіліндегі кітаптан ізденуді мақұл көрдік. Осы себепті біз хрестоматия өзінің мақсатына сай келуі үшін оны орыс алфавитімен шығаруды қолайлы деп таптық», міне осындай қиындықтарға қарамай Алтынсарин балаларға арнап өз бетімен оқулықтар жаза бастайды. Алғашқы еңбектерінің бірі «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» және «Қазақ хрестоматиясы» екенін тарихтан жақсы білеміз. Осыдан кейін балаларға арнап өлеңдер мен қысқа әңгімелер жаза бастады. Мысалы «Бір Аллаға сиынып, кел, балалар, оқылық», «Өнер-білім бар жұртар» өлеңдерімен қатар «Бай баласы мен жарлы баласы», «Атымтай жомарт», «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Әке мен бала» т.б. әңгімелері. Осы шығармаларындағы басты ұстанымы жастарды ғылым-білімге, еңбекті сүйуге баулып, ел, ұлт мүддесі үшін қызмет етуге шақырып, өмірдегі сарқылмайтын мол байлық білім екенін түсіндіруге бар күшін жұмсайды. Сонымен қатар барлық мектептерде қолөнер мен ән-күй сабақтарын енгізген алғашқы ұстаз ретінде танылды. Мұндағы мақсаты балаларды біліммен ғана сусындатпай еңбеке, шығармашылыққа жақындату болатын. Болашақты болжай білген Ұлы ұстаз ер балалар мен қатар қыз балалардың да білімді болып өсуіне басты назар аударып 1887 жылы Ырғыз қыздар училищесінің негізін қалады. Бір жылдан соң қыздарға арналған 12 орындық мектеп интернат ашуы, бүгінгі білімді қазақ қыздарының бастауы екеніне еш шүбә жоқ [2, 92б].

Қазақ халқын өзінің отар елі деп есептейтін империяның жымысқы саясаты қазақ елінің ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан әдет-ғұрпынан әлсіретіп, жаппай шоқындыру саясаты іске аспаған соң. Қазақ елін ислам діні арқылы, «... патша құдайдың қалауымен болады, оған сөзсіз мойынсұну керек» дегенді желеу етіп қазақ даласына татар, башқұрттан шыққан дүмше молдаларды жіберіп дінмен улау процесін бастап кетуін жан-тәнімен түсінген Ыбырай Алтынсарин ендігі кезекте Исламды зертеуге кірісті. Сол кезеңде енді орнығып келе жатқан жазба әдебиетімізге араб, парсы сөздерінің араласып, тіліміздің шұбарланып бара жатқанын байқаған Ыбырай сияқты басқада зиялыларымыз бұған бей-жай қарай алмады. Осыған байланысты қазақтың бір тума ұлы, ғалым, этнограф Шоқан Уәлиханов «Орыс халқының византиялық дәуірді өткені тәрізді, татар дәуірін бастан кешіру сияқты қтерлі белес тұр» деп жазды. «Мұсылманшылықтың тұтқасы» атты кітабын жазудағы масаты туралы Алтынсарин былай деп жазып кетіпті. «...біріншіден қазақ жастарының дін жөніндегі түсініктері теріс бағытқа түсіп кетпеуі үшін, ал екіншіден, қазақтың жазба тілінде татар тілі орынсыз етек алуына жол бермеу үшін мен соңғы кезде Мұхамбет шарифатын үйрене бастап..., осы оқу құралын құрастыруға кірістім». Ұстаздың осы еңбегі бүгінгі таңда да өзінің актуальдығын жоғалтқан жоқ. Арнайы зертеушісі болса қазақ ұлтына тигізер пайдасы зор.

Бала тәрбиесінде Ыбырай шығармаларының алар орны ерекше. Себебі ол өз заманының беталысын, бұлыңғыр болашағын дөп басып танып, көз жұма алмады, қазақ халқының өмір сүру салтын түбегейлі өзгертуде білім ғана емес еңбек пен отбасы тәрбиесін қатарласа жүргізу керектігіне баса назар аударғаны көрінеді. Шығармаларының түпнұсқасы қарапайым халықтың шынайы күнделікті өмірінен алынған. Қанді әңгімесінде болмасын қарапайым халық өкілдерінің адалдығы мен қайырылымдығы, еңбек сүйгіштігі, оқушыларды тәрбиелеудегі басты нысанасына айналды. Осы жағымды кейіпкерлерге қарама қарсы жағымсыз кейіпкерлерден жиренуді, жамандық атаулыдан аулақ болып өсуді жеткіншектердің санасына құйуға тырысты.

Мысалы, ағартушының «Мейірімді бала» әңгімесін алайық.

Сейіт орам үстінде жүгіріп бара жатқанда, бір арбалы келіп, аңдаусыз соғып кетіп, аяғын сындырыпты. Ойбайлап жылап жатқан баланы көріп шошынғаннан шешесі есінен танып қалады. Мұны көрген Сейіт жылауын дереу тоқтатып, сынықшы аяғын орнына салып таңған кездің өзінде ер жігітше қық етпей шыдағанына таң қалған сынықшы: -аяғың ауырмай ма, қабағыңды да шытпайсың? – деп сұрайды. Сейіт, шешесі шығып кеткен соң, демін алып, сынықшыға сыбырлайды: – Ауырмақ түгіл жаным көзіме көрініп тұр, бірақ менің жанымның қиналғанын көрсе, әжем де қиналып, жүдемесін деп, шыдап жатырмын, – дейді.

Сейіт өз қатесін түсініп онсызда «Сенің табаныңа кірген тікен, менің маңдайыма кірсін» деп жүрген анасының жүрегін ауыртқысы келмей, неге болсада нар тәуекел деп шыдап бақты. Ішінен: «анашым сәл шыда өсуіме аз қалды» дегенді жан жүрегімен білдірді. Сейіттің бұл әрекетінен екі нәрсені аңғаруға болады: алғашқысы балалықпен қоштасып есейудің басы екендігі болса, ал соңғысы тоғыз ай, тоғыз күн тар құрсағында көтеріп өмір сыйлаған анасына деген айрықша құрметін көрсетеді. Ұстаз осы бір әңгімесінде ана мен баланың арасындағы адами қасиеттердің жоғарғы деңгейде дамығанын психологиялық тұрғыда әдемі жеткізгенін көреміз [3, 48б.].

Ыбырай Алтынсарин адамның жан-жақты қалыптасуының негізгі көзі тәрбиеде деген ойын, «Бақша ағаштары» деген әңгімесінде тайға таңба басқанды етіп дәл сүйреттейді: «Бағу-қағуда көп мағына барында шек жоқ – дейді бір әке өз баласына, – шырағым, мұнан сен де өзіңе тәлім алсаң болады, сен де жас ағашсың, саған да күтім керек, мен сенің қате істерінді түзеп, пайдалы істерге үйретсем, сен менің» айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы, түзу кісі болып өсерсің, бағу-сыз, бетіңмен кетсең, сен де мынау қисық ағаштай қисық өсерсің».

Әке мен баланың арасындағы осы бір қысқа сүйреттеуден отбасындағы тәрбиенің, баланың қалыптасуына үлкен әсерін тигізетінін байқауға болады. Мұнда үлкен мән мағына жатыр. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деп атамыз қазақ бекер айтпаса керек.

Ал ағартушының:

«Бір Аллаға сиынып,  
Кел, балалар, оқылық  
Оқығанды көңілге  
Ықыласпен тоқылық.  
Оқысаңыз, балалар,  
Шамнан шырақ жағылар,  
Тілегенің алдыңнан  
Іздемей-ақ табылар...»

**Өлеңінің тақырыбы айтып тұрғандай бүгінгі күні де өзінің мән мағанасы мен өзектілігін жоғалтқан жоқ.** Бұл өлең қай кезеңде де жастарды оқуға, білім алуға шақырады. Бүгінгі күні мектеп табалдырығын аттаған әрбір жеткіншектің шамшырағындай болған, бұл өлеңмен, әлі талай бүлдіршіннің тілі сынатынына сөз жоқ[4, 6б.].

«Өнер білім бар жұрттар» өлеңінде ағартушы ұстаз;

Өнер – білім бар жұрттар  
Тастан сарай салғызды;  
Айшылық алыс жерлерден,  
Көзіңді ашып – жұмғанша,  
Жылдам хабар алғызды.  
Аты жоқ құр арбаны  
Мың шақырым жерлерге,  
Күн жарымда барғызды.  
Адамды құстай ұшырды...

Деген, өлеңінің негізгі идеясы, білімі мен өнері жетілген өзге жұрттың мәдениеті жоғарлап, технологиясы дамып адам сенгісіз жаңалықтар ашып жатқанын қазақ қауымына үлгі ету. Қазақ халқы оқып, білімін көтергенде ғана бақытқа жететінін, соқырға таяқ ұстатқандай етіп түсіндіреді.

Ы. Алтынсарин өз өмір жолында қазақ жастарын тәрбиелеуге баса назар аударды. Оны ең басты мәселе деп қарады. Сол себепті ол өзінің шығармасында жастарды жақсыға үйретіп, жаман істен аулақ болуға шақырды. Ол өз шығармасында жастарды адамгершілікке баулу мектеп пен атананың міндеті деп айтқан[5, 8б.].

Осы ой Ы.Алтынсариннің әңгімелерінің негізі болып табылады.Еңбек – адамның өмір туралы ойын ұштап, адам бойындағы жақсы қасиеттердің дамуына әсер етеді.Сондықтан ол әр ата-ана еңбектің қасиеттерін жас кезінен балаға түсіндіру керек екенін айтады.

Қазақ қыздарына білім беру Алтынсарин есімімен байланысты. Қазақ қыздарына арналған Ырғыз қаласында интернат ашылған. Алғаш рет Алтынсарин балалар психологиясы туралы тақырыпты зерттеген. Сөйтіп, 1860 жылдан бастап мектеп ашу жұмысымен шұғылданған.

Ұлы ағартушы: екі негізгі нәрсені өз өміріне жүктеп, алдына мақсат етіп қойды, бірі – мектептер ашып, бала оқыту және халықты ағарту ісі болса; екіншісі – халықты жаңашылдыққа, ізгілікке тарту бағытындағы жұмыстары. Ол қазақ жастарды білімге тартумен қатар, адами құндылықтарға баулу, халқына қызмет етуге жігерлілікке, еңбекқорлыққа шақырды.

Қорыта келгенде айтарымыз ұстаздың шығармашылығының өн бойынан, қазақ жастарын қайткен күнде де біліммен сусындатып, құштарлығын арттырып, еңбекке баулу мақсаты тұрғанын көреміз. Ұстаздың осы бір, инемен құдық қазғандай еңбегі зая кеткен жоқ. Ыбырай атамыз салған сара жолдың сүрлеуімен қазақ жұрты бүгінгі күні 100 % сауатты елге айналғаны әлемге аян. Тіпті өнер мен әдебиетте, ғылым саласында үлкен жетістіктерге жетіп, өркеніеттің дамуына өзінің сүбелі сыбағасын қосуда.

Міне осындай ғибратқа толы өлеңдер мен әңгімелер жазған Ыбырай шын мәнінде өз ісінің

нағыз кәсіби шебері болған. Бар жоғы 48 жыл ғұмырында ұлтқа пайдасы тиер қыруар еңбек қалдырған Ұлт Ұстазы Ыбырай Алтынсариннің Ұлы даладағы ағартушылық мұрасы бүгінгі өскелең ұрпақ үшін таусылмайтын қазына!

### Әдебиеттер тізімі

1. **Азмұханова А.** Ұлт ағартушылары және ұлттық мүдде // Қазақ тарихы. – 2011. – № 4 (109). – 11–13-б.
2. **Сүйіншәлиев Х.** Қазақ әдебиетінің тарихы: Оқулық. – Алматы: Санат, 1997. – 847-б.
3. **Мұқатов Н.** Көзі тірісінде «Қырғыз хрестоматиясы» кітабының екінші бөлімін жазған // Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. – 2013. – № 17 (77). – 48–50-б.
4. **Мәдібай Қ.** Үміт еткен көзімнің нұры балам... // Қазақ әдебиеті. – 2009. – № 33 (3144). – 31 шілде. – 6-б.
5. **Абдуллина А.** Ыбырай Алтынсариннің «Шариат-ул-Ислам» еңбегінің тәрбиелік мәні // Қазақ. – № 18,19 (532–533). – 6–13 мамыр. – 8-б.

ӘОЖ 82.0 (091)

### ЫБЫРАЙ МҰРАСЫ – ТОТЫҚПАЙТЫН АЛТЫН

**Ихсан Д. М.** – 7М02301 – Қазақ филологиясы бойынша магистратурада білім алушы, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті.

*Мақалада Ыбырай Алтынсариннің көп айтыла бермейтін, жазыла бермейтін мұралары қамтылады. «Қазақ хрестоматиясы», «Мұсылманшылықтың тұтқасы» тағы басқа еңбектері туралы мағлұматтар беріліп, ғалымдар пікірімен ашылған. Мақалада педагог-қайраткердің ерте кезде баспадан шыққан еңбектері пайдаланылып, түпнұсқалық деректермен берілді.*

*Түйінді сөздер: «Қазақ хрестоматиясы», «Мұсылманшылықтың тұтқасы», Алаш ұстазы, педагог-қайраткер, Ұлы Даланың ұлы есімі.*

Қазақ халқы ұлы тұлғалардан, даңқты қайраткерлерден, парасатты азаматтардан кенде емес. Өз өмірін ұлттық мүдде жолында сарп етіп, есіл өмірін ел игілігіне жұмсаған жандар да баршылық. Алайда сом тұлғалы ұлылар өз дәрежесінде ұлықталмай, науқаншылдықпен ғана насихатталып, мерзімі өтсе тек бірлі-екілі ғалымның зерттеуінде қалған тұлғалар да бар. Филология ғылымының докторы, профессор Серікбай Оспанұлының мәңгілік зерттеу тақырыбына айналған, «Ұлы Даланың Ұлы есімдерінің» қақ төріндегі тұлғаның бірі – Алтынсарының Ыбырайы. 1857 жылы Орынбордағы қазақ балаларына арналған мектептің түлегі Ыбырай Алтынсариннің мұрасы мен шығармашылық өмірі жөнінен бізге дейін де айтылды, бізден кейін де айтылары анық.

Ыбырай Алтынсариннің мұралары өте көп. Ішіндегі ерекшесі, шоқтығы биігі – «Қазақ хрестоматиясы». Бұл – білімге сусаған қазақ баласының шөлін қандырған, құндылығы жоғары еңбек. Кешегі қазақ даласын тітіркентіп, сан саласына қан жүгірткен, атын естісе бүкіл қазақтың жүрегі лүпілдейтін АЛАШ қайраткерлерінің қай-қайсысы да «Қазақ хрестоматиясымен» көзін ашқан. Ыбырай салған жолмен жүріп өткен. Демек, Алаш зиялылары – Ыбырай ізбасарлары. Бүгінгі таңда бұл еңбекке кір келтіргіш «тұлғалар» көбейіп кетті. Мазмұны көңіл көншітерлік емес деп сыңаржақ пікір білдіруге ешкімнің құқы жоқ. Елімізде арнайы заң қабылданып, ұлы тұлғаларымыз бен ұлы мұраларымызға тіл келтіргенге айыппұл салып, тергеуге алу қажет.

Әуелі, хрестоматияның шыққан уақытындағы саяси оқиғаларға көз жүгірткен абзал. «Қазақ хрестоматиясы» 1879 жылы «қазақтың оң жақтағы жүрегі» (Н.Құлабай) Орынбор қаласында жарық көрген. Дәл сол уақытта қазақ тілінде ешбір оқу құралы болмаған. Өз бауырыңмен өз тілінде қарым-қатынас жасай аласың, бірақ оқи алмайсың. Бұл бұратана халыққа ғана тән құбылыс. Сол кезде білімге құштар қазақ балалары татар тілінде жарық көрген еңбектерге ұшырасып, татар тілін үйренуге мәжбүр болды. Сол кезде «Қазақ хрестоматиясы» «қараңғылықтың көгіне өрмелеп шықты» (С. Торайғырұлы). Бұл еңбек туралы ыбырайтанушы Серікбай Оспанұлы: «...Ыбырай балалар түсінігіне лайықтап, өзінің төл шығармалары мен қазақ халық әдебиетінің озық үлгілерін және Еуропа классикалық әдебиетінен таңдап «Қазақ хрестоматиясын» жазды. Ыбырай «сөз басында» ана тілімізде шыққалы отырған тұңғыш кітаптың орыс-қазақ және қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу құралы, сонымен бірге халықтың оқып, тәрбие алуына жарайтын жинақ болуын көздегенін айтады» [1;18], – дейді. Сол кездегі қазақ балаларының сауатын ашқан хрестоматия 4 тараудан тұрады. Бірінші тарау – балалар өмірінен алынған әңгімелер, мысалдар, халық ауыз әдебиеті, әр бағытта жазылған хаттар. Екінші тарау – әр түрлі жастағы адамдардың өмірінен алынған әңгімелер. Үшінші тарау – қазақ ақындарының өлең-жырларынан үзінділер. Төртінші тарау – қазақтың